1 Эссе „Жақсы ойла - сонда ой игілікті іске айналады"

Жақсы ойла-сонда ой игілікті іске айналдырады. Адамдар жақсы ойлау немесе жаман ойлау деп туылмайды.
Адам көзін ашып дүниеге есігін қаққандағы қоршаған ортадан тәрбие алады, дамиды. Ал тәрбие ол жақсы оймен тығыз байланысты. Жақсы ойлар сені жақсы жерге жетелейді. Жақсы ойласаң ісің де, ойыңның өзі игілікті іске толады. Соннан ары дұрыс әрекетке айналдырып сүйіспеншілікке бөлейді. Жақсы ойлау- ол отбасы тәрбиесінен бастау алады. „Ұядан нені көрсең, ұшқанда соны ілерсің" деген мақалдың өзі бекерден емес.
Ата-ана тәрбиеші, нұсқаушы. Ата-ана тәрбиесі сені қай жаққа бұрса, сонда бұрыласың. Жақсы жерге жетелейтін ол өз ой санаң. Өз таңдауың өз қолыңда!
Осы сөзге байланысты Абай атамыз да қаншама қара сөз жазды. Ол қара сөзінде адамды тану, тәрбиелеу жөнінде болды. 45 қара сөзі бар. Алайда оның оқу ойында жер етуі сөзсіз.....
Сонымен қатар күнделікті өмірде заман, адам өзгеруде екені рас
Яғни қазір көпшілік қауым өзін өзі сыйламаушыдан бастау алып, жақсы ойлардан қалады. Негізінен осы замандағы ақиқат шындық, ол-түрден қандай адам екенін көруге болады деп сенеді. Алайда әркім адамды түрінен қандай екенін айтуға болмайды. Ол нағыз ақымақтың ісі.
Жақсы ойласаң шынында, әлем өзгергендей күй болады.
Ішкі тыныштыққа бөлейді. Жаныңыз нұрланады.
Ізгілікті істердің себепшісі болады.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

„Жақсының ойы да жақсы," ісі де жақсы. Жақсы адам жалпы айтқанда өзінің сөзімен дәлелдейтін ~~жан~~ емес іспен дәлелдейтін жан. Өйткені жақсы адам бәрібір жақсы дүниелер ойлап, жақсы істер жасайтыны бізге мәлім. Ал бірақ бір жандар болады. Жақсы жаққа жақсы істер жасаймын дейтін. Алайда жақсылық жасамастан алдын өзіңді жетілдіріп, танып, жақсы ойлауды үйрену шарт деп есептеймін. Себебі басқаны тану үшін де өзіңді тану керек емес пе?

Өз басым осы ойға келісемін. Жақсылық жасау үшін мақтану шарт емес. „Не істесең соны орасың". демекші алдыңа жақсылығың міндетті түрде қайтып келеді. Жақсылық жасап, мақтансаң демек жақсы оймен, пейілмен жасамағаның білінеді. Айтқым келгені жақсылық жасауды міндетсінбе, міндетсінсең жасама. Жақсы ой мен жақсылық бір деңгейде тығыз байланысты. Қорытындылай келетін болсақ, жалпы жақсылықты ой жақсылыққа қарай бастау алады. Сол үшін жақсы ойда жүрейік!!! Бұл дұрыс әрекетке бастау қадамы.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ